

Преодоление познавательных трудностей учебного материала в обучении младших школьников с использованием нейропсихологического подхода

**З.К. Жуманбаева¹, Л.А. Шкутина², А.Ф. Филатова³,
Ж.А. Оспанова¹, К.К. Жунусова¹**

¹Карагандинский медицинский университет,

²Карагандинский университет им. академика А.Е. Букедова (Караганда, Казахстан),

³Омский государственный педагогический университет (Омск, Ресей)

Аннотация

В данной статье приводится теоретический анализ познавательных трудностей учебного материала в обучении младших школьников, а также рассмотрены различные причины неуспеваемости школьников, в качестве решения данных затруднений, предлагается использование нейропсихологического подхода, который позволяет осуществить системный анализ состояния высших психических функций, а также выделить сильные и слабые стороны, компоненты развития высших психических функций, и в дальнейшей перспективе строить оптимальные научно-обоснованные методы коррекционно-обучающего, коррекционно-развивающего, или восстановительного обучения. Статья содержит описание проведенного исследования, которое было организовано с обучающимися вторых классов, и предполагало оценку имеющихся трудностей обучения у младших школьников, с помощью анализа экспертной оценки учителей второклассников, а также анализа продуктов деятельности учащихся, которые включали в себя письменные работы, контрольные тестовые задания. Проведенное исследование позволило выявить группы детей, имеющих неоднородную выраженность учебных трудностей: успешных в обучении, вторая группа учеников с парциальными трудностями в усвоении необходимых навыков, требующих для успешного обучения по отдельным учебным предметам, и группа детей с комплексными трудностями обучения, проявляющимися в систематических ошибках при выполнении разной направленности учебных заданий. В статье приведены выводы, обобщающие наиболее типичные трудности обучения у второклассников, которые образуют комплекс проблем и проявляются в различных вариациях.

Ключевые слова: познавательные трудности учебного материала; обучение младших школьников; нейропсихологический подход.

Received 15.08.2022

FTAMP 14.35.07

DOI 10.51889/1750.2022.16.20.012

Р.Ж. БАЗАРБЕКОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
rabiga68@mail.ru*

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПТЕ
ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ**

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып жасындағы балалардың мектепте оқу мотивациясының деңгейін анықтау мәселесі қарастырылады. Мотивация ұғымына түсінік беріліп, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын зерттеген ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары келтірілді. Бастауыш сынып оқушылары үшін мотивация оқыту процесін жақсартудың ең тиімді жолы болып табылады. Мақалада мектеп тәжірибесінде мұғалімнің оқушы мотивациясын зерттейтін бірқатар әдіс-тәсілдерді: оқытудың мотивтері, мәні, мақсаттары туралы тікелей және жанама сұрақтар қойып, оқушымен жеке әңгімелесуге, оқушылардың оқуға деген көзқарасы туралы материалды тез жинақтауға көмектесетін сауалнама жүргізуді қолдануға болатыны айтылды. Н.Г.Лусканованың «Мектепте оқу мотивациясының деңгейін бағалау» әдістемесінің негізінде сауалнама алынып, нәтижесі талданды. Анықталған деректерді негізге ала отырып, бастауыш сынып жасындағы балалардың оқу мотивациясын қалыптастырудың бірнеше аспектілері анықталды.

Түйін сөздер: оқу мотивациясы; оқушы; сауалнама; орташа көрсеткіш; деңгей; аспект.

Кіріспе. Бастауыш сыныптан бастап оқушының мектепте оқуға деген мотивациясын қалыптастыру қазіргі кезде оқу тудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі бұрынғы кеңестік түсінікпен «оқысаң көп ақша табасың», «жақсы жұмысқа тұрасың» деп баланы сендіріп, оқуға ынталандыра алмаймыз. Өйткені олар күнделікті өмірден, интернеттен сабақты жақсы оқымай-ақ адамдардың табысқа жетіп жатқанын естіп біледі.

Бүгінгі таңда «оқу мотивациясы» деген ұғымның біржақты анықтамасы жоқ. Авторлар бұл ұғымды «білім беру мотивациясы», «оқушы мотивациясы», «оқу әрекетінің мотивациясы» деген сияқты сөздерді синоним ретінде қолдана береді. Қазақ тілінде бұл сөзді «ынта», «қызығушылық», «уәждеме» деп әртүрлі аударарды. «Мотивация» термині адамның бір нәрсені не үшін жасайтынын сипаттау үшін жиі қолданылады. Бізді әрекет етуге не итермелейді? Адам шөлді қандыру үшін су ішеді немесе білім алу үшін кітап оқиды, яғни мотивация да адамды бір әрекетті жасауға алға жетелейтін қозғаушы күш. Мотивация – мақсатқа бағытталған мінез-құлықты бастайтын, бағыттайтын және қолдайтын үдеріс.

Оқушының ақыл-ойының дамуы мен мотивация арасындағы байланыс туралы негізгі тұжырымдамалық идеяларды М.В. Мапохиннің [1], Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың [2], А.Н. Леонтьевтің [3] еңбектерінде жазылса, әртүрлі жастағы білім алушылардың оқу мотивациясын дамыту мәселелері отандық психолог-ғалымдар М.К. Нурғалиева, А.А. Булатбаева т.б. [4], М.М. Акижанова [5], П.Джугал, М.Оспанованың [6] мақалаларында талқыланады. Мотивация тақырыбы әлі күнге дейін өзекті болып отырғаны соңғы жылдары жарық көрген шетелдік ғалымдардың М.В. Ляшенко [7], Гордеева Т.О., т.б. [8], Л.Келли [9], Тихомирова Л.Ф. [10], Рогова Е.Е., Гадаборшева З.И. [11] Штайнмайр, т.б. [12], Б. Содерс [13], Шнайдер Р., Лотц К., т.б. [14] еңбектерінен байқалады.

Негізгі бөлім. Конструктивтік теория бойынша оқушы жаңа білімді құруға белсене қатысып, құндылықты түсінсе оқуға деген мотивациясы жоғары болады деп есептейді

[8]. Егер оқушы оқу тапсырмаларының құндылығын түсінбесе, тапсырманы немқұрайлы, шала орындайды. Білім алуға, бірнәрсені үйренуге, сабақта әрекет етіп, жұмыс істеуге қалыптаспаған бала тапсырманы орындаған кезде оң нәтижеге жетуге талпынбайды.

Оқу мотивациясы, әсіресе, бастауыш сыныптарда өзекті, өйткені дәл осы кезеңде балада білім алуға деген ұмтылыс пайда болады. 6-7 жасар бала мектепке барғанды қызық көреді, әлеуметтік ортаға түсіп, жаңа достар тапқысы келеді, қоршаған ортаны, әртүрлі құбылыстардың себебін білуге деген құштарлығы жоғары болады. Психологтар бастауыш сыныптан бастап баланың оқуға деген мотивациясы қаншалықты жоғары болса, келешекте, орта және жоғары сыныптарда мектепте оқуы табысты болады санайды [1;2]. Сонымен қатар, бұл жаста баланың оқу әрекеті жетекші әрекетке айналады да, айтарлықтай тұрақты болады. Оқудың мотивтерін әлеуметтік (қарым-қатынас жасауға қажеттілік) мен танымдық (білуге деген құштарлық) деп қарастырады [2]. Осы екі қажеттіліктің болуы баланың қоршаған ортаға деген жаңа қарым-қатынасының пайда болуына ықпал етеді. Танымдық оқу мотивтеріне оқу міндеттерін табысты орындау, мұғалімнің берген күрделі тапсырмаларын қиынсынбай қабылдау, керекті ақпарат алу үшін мұғалімнен сұрау, қосымша сабақтарға қатысуға ұмтылу т.б. жатады. Мотивтің бұл екі түрі бірқатар психологтардың М.В. Матюхиннің [1], Р.Шнайдер, т.б. [14], Л.И. Божовичтің [15], Л.В. Цой мен И.Ю.Кулагинаның [16], еңбектерінде қарастырылады.

Л.И. Божович «...танымдық мотивацияның балалардың барлығында бірдей болмауының себебі жүйелі ойлаудың қалыптаспауынан, яғни барлық зерттелетін объектілерді өзара байланысты элементтер жүйесі түрінде қарастыру мүмкіндігінің болмауынан» деп түсіндіреді. Тек біртұтас білім ғана оқушыларға олардың қызығушылықтарын саналы түрде саралауға мүмкіндік береді деп санайды. Ал әлеуметтік мотивтер оқушының әлеуметтік қарым-қатынас түрлерімен

байланысты. Мысалы: қоғамға пайдалы болу үшін білім алуға ұмтылу, оқу қажеттілігін түсіну, жауапкершілікті сезіну т.б. жатады. Әлеуметтік мотивтерге басқалармен қарым-қатынаста белгілі бір позицияны ұстануға, жеке тұлға ретінде беделге ие болуға ұмтылатын мотивтер де жатады [15].

Оқу мотиві әр жастағы оқушы үшін әртүрлі мәнге ие болуы мүмкін, демек, ынталандырушы күш әр сыныпта әртүрлі. Мысалы, бірінші сыныпта қосымша кітап оқу, іздену мотиві баланың өмірінде қатты маңызды емес, ал сынып жоғарлаған сайын одан әрі терең білім алып, іздену үшін қосымша әдебиеттерді оқу оқушының өмірлік мәніне айналуы мүмкін. А.Н. Леонтьевтің ойынша «білім алуға тәрбиелеу үшін білімді меңгеруге деген көзқарасты тәрбиелеу керек» деген. Бұл оқыту барысында мектеп оқушыларының бойында білімге, оны меңгеру әдістеріне деген белсенді ішкі қатынасын, білім алуға деген жағымды көзқарасты, яғни құндылықты қалыптастыру дегенді білдіреді [3].

Мотивация тақырыбын зерттеушілердің пікірінше, педагог білім беру мазмұны мен оның әдістері белгілі бір жастағы мектеп оқушыларының тұлғалық мағыналарына сәйкес келе ме, жоқ па, соны білуі керек. Мектеп тәжірибесінде мұғалімге оқушы мотивациясын зерттеудің келесі әдістерін өз тәжірибесінде қолдануына болады:

– оқушылардың сабақ барысындағы және сабақтан тыс уақыттағы тәрбиелік, қоғамдық пайдалы, ұйымдастырушылық және басқа да іс-әрекеттері кезінде мінез-құлқын, оқушылар арасындағы қарым-қатынас сипатын бақылау;

– бірқатар арнайы таңдалған жағдаяттарды пайдалану (оларды эксперименттік педагогикалық жағдаяттар деп атауға болады), мысалы тәрбие сағаты уақытында арнайы бақылау сұрақтарын қою немесе тапсырмалар жасату;

– жеке оқушы үшін оқытудың мотивтері, мәні, мақсаттары туралы тікелей және жанама сұрақтар қойып, жеке әңгімелесу;

– бірнеше сыныптарда, мектептерде мектеп оқушыларының оқуға деген көз-

қарасы туралы материалды тез жинауға көмектесетін сауалнама жүргізу [16].

Әдістер. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мектепте оқуға деген мотивациясының қандай деңгейде екенін анықтауды үйрету мақсатында педагогикалық практика кезінде «Бастауыш білім беру бағдарламасы» бөлімінің 4-курс студенттерімен бірге бастауыш сынып оқушыларынан сауалнама алдық. Сауалнама Алматы қаласындағы №33, №172, №201 мектептің бастауыш сынып оқушыларынан (1-сыныптан 55 оқушы, 2-сыныптан 52, 3-сыныптан 54, 4-сыныптан 52 оқушы) алынды. Оқушылардың оқу мотивациясының деңгейін анықтауға арналған Н.Г. Лусканованың «Мектепте оқу мотивациясының деңгейін бағалау» [17] әдістемесі бойынша 10 сұрақ берілді:

1. Саған мектеп ұнай ма немесе ұнамай ма?
2. Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?
3. Егер мұғалім мектепке ертең келуің шарт емес, мектепке келгісі келген оқушылар ғана келсін десе, сен сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?
4. Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнай ма?
5. Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?
6. Сен сабақта үзілістің көп болғанын қалайсың ба?
7. Ата-анаңызға немесе достарыңызға мектеп туралы айтасыз ба?
8. Саған сынып жетекшісі ұнай ма?
9. Сыныпта достарың бар ма?
10. Сыныптастарыңа қалай қарайсың?

Сандық талдау. 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап – 0 балл, бейтарап – 1 балл, оң жауап – 3 балл). Оқу мотивациясының деңгейінің төмендеуі – мектепте оқуға деген дезадаптацияны, ал оның жоғарылауы – оқудағы және дамудағы оң динамиканы білдіреді.

Н.Г. Лусканова оқушының мектепте оқу мотивациясын 5 деңгейге бөліп көрсетеді (1-кесте).

Нәтижелер. Төмендегі кестеде сауалнама бойынша алынған мәліметтер көрсетілді.

Н.Г. Лусканованың сандық талдауы бойынша бастауыш сынып оқушыларының мектеп оқу мотивациясының деңгейі анықталды. Сауалнама бойынша 1-2-сынып оқушылары өте жоғары, ал 3-4-сыныптарда жоғары деңгейде екенін байқадық.

Сауалнамадағы алғашқы 4 сұрақ баланың мектепке деген эмоционалдық қатынасын білдіреді. Бұл сұрақтардың 3-ші жауабын таңдаған 1-2-сынып оқушыларының 5-6%-

ында мазасыздық, уайым бар екенін, ал 2-ші нұсқаны таңдаған оқушыларда (8-11%) психологиялық қорғаныс бар екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш 3-4-сыныпта біртіндеп өскенін 1-диаграммадан байқауға болады. Мысалы, 3-4-сыныпта оң жауап таңдаған оқушылар 25 пайызға азайған. Сондай-ақ «бейтарап» және «теріс жауап» таңдаған балалар саны 3-4-сыныпта 11-14 %-ға артқан.

1-кесте

Оқушының мектепте оқу мотивациясының деңгейлері

5-деңгей	4- деңгей	3-деңгей	2-деңгей	1-деңгей
Өте жоғары деңгей (25-30 балл)	Жоғары деңгей (20-24 балл)	Сыртқы мотивация (15-19 балл)	Төменгі деңгей (10-14 балл)	Дезадаптация (10 баллдан төмен)
Мұғалімнің айтқандарын мұқият орындайды, өзіндік жұмысқа, барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды, тапсырмаларды өте мұқият орындайды.	Оқушының мектепке қатынасы оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды, оқу материалдарын оңай меңгереді. Тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды	Балаларының мектепке деген көзқарасы жақсы, өздерін жақсы сезінеді, құрбы-достарымен сөйлесу үшін сабақтан қалмайды. Олар мектепте өздерін оқушы сияқты сезінгенді, әдемі болып жүргенді ұнатады. Мұндай балаларда танымдық мотив төмен, оқу-тәрбие процесі оларды көп қызықтыра бермейді.	Бұл балалар мектепке барғысы келмейді, сабақтан қалғысы келіп тұрады. Сабақ үстінде басқа нәрсемен айналысып немесе ойнап отырады. Сабақты оқуға қиналады. Мектепке бейімделуі қиын. Өзіндік тапсырмаларға қызығушылық көрсетпейді, мұғалім тарапынан бақылау мен көмекті қажет етеді.	Оқушының мектепке барғысы келмейді, сыныптастарымен, мұғаліммен қарым-қатынаста қиындықтарға тап болады. Тапсырманы орындамайды, тәртіп бұзады. Көбінесе бұл оқушыларда жүйке жүйесінде психикалық ақаулар байқалады.

1-2-сынып оқушыларының басым бөлігі (81,8%) оқу мотивациясының жоғары деңгейін көрсеткен. Сауалнама қорытындысы бойынша балалардың әлеуметтік мотивтері жоғары екені, мектеп талаптары мен мұғалімнің барлық нұсқауларын орындайтыны байқалады. Жалпы 1-2-сыныптың балаларының мектепке деген көзқарасы жақсы, өздерін жақсы сезінеді, құрбы-достарымен сөйлесу үшін мектептен сабақтан қалмайды. Бұл балалардың әлеуметтік мотивациясы жоғары екенін көрсетті. Ал респонденттердің 5%-ында балалардың танымдық оқу мотивациясы төмен екені, оқу үдерісі оларды көп қызықтырмайтыны байқалды. Ал 3-4-сыныпта оқу мотивациясына 25%-ға төмендеген. 8-сұраққа 2-3-нұсқаны 15 оқушы белгілеген, яғни 27%-ында мұғалім мен оқушы арасында түсініспеушілік барын

көрсетеді. 8-сұраққа 3-нұсқаны, 7-сұраққа 1-нұсқаны таңдаған балалар қарым-қатынас жасауға талпынғанмен, құрдастарымен немесе мұғалімімен тығыз байланыс орната алмайтынын білдіреді. Сауалнама арқылы оқушының оқу мотивациясы жасына қарай әртүрлі болатынын, сынып жоғарлаған сайын өзгергенін анықтадық.

Сынып бойынша сауалнамаға берілген жауаптардың салыстырмалы пайыздық көрсеткіші төмендегі 2-диаграммада көрсетілді:

Екінші кезекте студенттер оқушылардың сабақтағы мінез-құлқын, берілген тапсырманы орындауын, үзіліс кезіндегі құрдастарымен қарым-қатынасын, сабақтағы белсенділігін бақылады. Бақылау барысында бірқатар 3-4-сынып оқушыларының тек мұғалімнің көңілінен шығу үшін және жақсы баға алып ата-анасын қуанту үшін немесе

жаман баға алғаны үшін сыныптастары келемеж қылмасын деген оймен ғана оқитынын байқадық. Мұндай оқушыларда оқудың сыртқы мотиві басымырақ. Сыртқы

мотивация басым оқушылар оқыған пәндерді іштей қабылдамайды, қызықпайды, пәннің мазмұны олар үшін құнды болмайды.

3-кесте

Сауалнамаға берілген оқушы жауаптарының орташа көрсеткіштер

Сұрақ реті	Жауап нұсқалары	1-сынып		2-сынып		3-сынып		4-сынып	
		55	балл	52	балл	54	балл	52	балл
1	мектеп ұнайды	53	2,89	45	2,60	30	1,67	32	1,85
	кейде ұнайды, кейде ұнамайды	0	-	7	0,13	14	0,26	10	0,19
	ұнатпаймын	2	-	-	-	10	-	10	-
2	мектепке қуана барамын	46	2,51	41	2,37	41	2,28	35	2,02
	әртүрлі, кейде қуанам	5	0,09	8	0,15	9	0,17	12	0,23
	көңілсіз барам	4	-	3	-	4	-	5	-
3	мектепке барар едім	45	2,45	40	2,31	36	2,00	30	1,73
	білмеймін	7	0,13	5	0,10	10	0,19	5	0,10
	үйде қалар едім	3	-	7	-	8	-	17	-
4	сабақтың болмай қалғаны ұнамайды	45	2,45	42	2,42	34	1,89	29	1,67
	маған бәрібір	6	0,11	3	0,06	12	0,22	13	0,25
	сабақтың болмағаны жақсы	4	-	7	-	8	-	10	-
5	үй тапсырмасы керек	42	2,29	43	2,48	40	2,22	39	2,25
	білмеймін	8	0,15	2	0,04	4	0,07	2	0,04
	үй тапсырмасы берілгенін қаламаймын	5	-	7	-	10	-	11	-
6	үзілістің көп болғанын қаламаймын	35	1,91	31	1,79	30	1,67	31	1,79
	білмеймін	8	0,15	5	0,10	9	0,17	8	0,15
	иа, үзіліс ұзақ болса деймін	12	-	16	-	15	-	13	-
7	мектеп туралы жиі айтамын	45	2,45	40	2,31	29	1,61	26	1,50
	сирек айтамын	5	0,09	5	0,10	6	0,11	26	0,50
	мүлде айтпаймын	5	-	7	-	19	-	-	-
8	сынып жетекшісі ұнайды	40	2,18	48	2,77	30	1,67	40	2,31
	білмеймін	8	0,15	2	0,04	12	0,22	7	0,13
	басқа мұғалім болса екен деймін	7	-	2	-	12	-	5	-
9	досым көп	45	2,45	49	2,83	43	2,39	39	2,25
	досым аз	10	0,18	2	0,04	6	0,11	8	0,15
	досым жоқ	0	-	1	-	5	-	5	-
10	сыныптастарым ұнайды	50	2,73	48	2,77	46	2,56	42	2,42
	онша ұнамайды	5	0,09	3	0,06	5	0,09	4	0,08
	ешқайсысы ұнамайды	0	-	1	-	3	-	6	-
Орташа деңгейі			25,45		25,44		21,56		21,62


Сондай-ақ бақылау кезінде кейбір 3-4-сынып оқушыларының арасында сабақта басқа бірнәрсемен айналысып отыратын, мұғалімнің айтқанын тыңдамайтын, басым немесе ішім ауырып тұр деп өтірік сылтау айтатын, үзіліс кезінде ешкіммен араласпай, жалғыз отыратын оқушылар да болды. Бақылау барысындағы деректерді жинақтап, оқушыларды 3 топқа бөлдік. 1-топ, бұл оқу мотивациясы дұрыс қалыптасқан оқушылар. Бұл оқушыларда оқу пәндеріне қызығушылық бар, сабақтан қалғысы келмейді. 1-топ оқушыларында табандылық, шыдамдылық бар, оқуда кедергілер болған жағдайда да мақсатына жетуге қабілеті

бар балалар. Олар өте ұқыпты, өз бетінше тапсырмаларды орындай алады. 2-топтың оқушыларының мінез-құлқы тұрақты емес, кейде олар мұғалімнің талабына құлақ аспайды. Олардың оқудағы жетістіктері басқа балалармен салыстырғанда кейде жоғары, кейде төмен болады. 3-топтың оқушылары ештеңеге қызықпайды, конфликтіге жақын, оқу материалының құндылығын түсінбейді.


Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының мектепте оқу мотивациясының даму деңгейін анықтаған сауалнамадан біз 1-2-сыныптың оқушыларына қарағанда 3-4-сынып оқушыларының оқу мотива-

циясы біртіндеп төмен дегенін байқады. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың мектепте оқу мотивациясы неліктен төмен болатынын, оны қалыптас-

тырудың қандай тиімді жолдары бар деген сияқты маңызды мәселелерге студенттер болашақ маман ретінде ерекше көңіл бөлуі қажет.



1-диаграмма. Салыстырмалы пайыздық көрсеткіш



2-диаграмма. Салыстырмалы пайыздық көрсеткіш

Сауалнама бойынша көрсеткіштер

	1-сынып, 55 оқушы	%	2-сынып, 52 оқушы	%	3-сынып 54 оқушы	%	4-сынып 52 оқушы	%
Оң жауап	45	81,8	43	82,8	36	66,8	34	65,4
Бейтарап	6	10,9	4	7,6	9	16,6	9	17,3
Теріс жауап	4	7,3	5	9,6	9	16,6	9	17,3

Қорытынды. Анықталған деректерді негізге ала отырып, бастауыш сынып жасындағы балалардың оқу мотивациясын қалыптастырудың бірнеше аспектілерін анықтадық. Оқушының мектепте оқуға деген мотивациясын қалыптастырудың бірінші аспектісі – сабақты қызықты етіп ұйымдастыру. Болашақ бастауыш сыныптың мұғалімі ретінде сабақта оқушының жағымды эмоциясына әсер етуі үшін оларды оқу үдерісіне өздерін қатыстыру керек. Қызықты ойын ұйымдастыру, қызықты тапсырма беруден бөлек, болашақ мұғалім дауыс ырғағын, бет мимикасын, дене қозғалысын т.б. дұрыс басқара алуы тиіс. Осыған байланысты келешекте болашақ маманға мектеп жасындағы балалардың оқу мотивациясына қатысты арнайы элективті курстар оқытылуы қажет деп ойлаймын.

Екінші бір аспектісі – оқуға деген позитивті көзқарастуғызу, баланы жазаламау, «2 қоямын» немесе «ата-анаңа айтамын», «үзіліске шықпайсың» деп қорқытпау. Мүмкіндігінше кішкентай жетістігі үшін баланы қолдап, мақтап отыру, өзіне деген сенімін күшейтуге ықпал жасау [14].

Үшінші аспектісі – оқу материалының оқушыға барынша түсінікті болуы. Егер оқу материалы, мысалы, мәтін сөйлемдері

шұбалаңқы, тапсырма мәтінінде түсініксіз сөздер көп болса, оқушының оқуға деген ынтасы біртіндеп төмендейді. Сондықтан материалды оқушыға жеңіл әрі тез түсіндірудің әдіс-тәсілдерін таңдау қажеттігіне көзіміз жетті.

Төртінші аспектісі – оқушының құрдас-тары арасында кикілжіңді болдырмау. Себебі психологтар егер бала мектепте үнемі қорқынышпен немесе ренішпен жүретін болса, оқушының оқуы нәтижелі болмайды деп санайды [12;18]. Бесіншісі – балаға өз әрекетін өзі бағалауды, рефлексия жасауды үйрету қажет. Себебі қазіргі балаларға, яғни «Альфа ұрпақтарына» алдына мақсат қоюды үйреткен өте маңызды [19]. Сабақтың басында, жаңа материалды талдау кезінде, үй тапсырмасын берген кезде алдымен оқушыға орындалатын оқу әрекетінің мақсатын түсіндіру қажет. Мысалы, «Қазір көбейту амалымен танысамыз. Көбейту кестесі адамға өмірде қай кезде және не үшін қажет болады?» немесе «Топырақтың құрамын анықтау тәжірибесін жасаймыз. Бұл бізге не үшін керек?» деген сияқты әрбір іс-әрекетті орындаған кезде оқушыға не үшін қажет екені түсінікті болса, олар оқуда көп қиналмайды, ынтасы да төмендемейді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Матюхина М.В. Формирование мотивации учения: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, –1990. – С. 192.
[2] Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. Вопросы психологии учебной деятельности младших школьников. – М.: Академии педагогических наук РСФСР. –1962. – С.287.
[3] Леонтьев А.Н. Мотивы. Добавлено Psychology OnLineNet. 24.03.2005 (Правка 28.04.2006) [Электронный ресурс]: URL: <https://www.psychology-online.net/articles/doc-307.html> (өтінім берілген күні: 21.01.2022).
[4] Нургалиева М.К., Булатбаева А.А., Есенова К.А., Рамазанова С.А. Особенности мотивации учебной деятельности подростков // Психолог. – 2022. – №2. – С.1-7. DOI: 10.25136/2409-8701.2022.2.37623 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=37623

- [5] Акижанова М.М. Оқу мотивтерінің психологиялық негізі. Вестник КАСУ №1, – 2005. –126 б. [Электронный ресурс]: URL: <https://www.vestnik-kafu.info/journal/1/26/> (өтінім берілген күні: 03.02.2022).
- [6] Джугал П., Оспанова М. Изучение уровня мотивации иностранных студентов при обучении в Казахстане //Педагогика и психология. – 2020. – № 4(45). – С.38-43:
DOI: 10.51889/2020-4.2077-6861.05 [Электронный ресурс]: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/119> (өтінім берілген күні: 8.09.2022)
- [7] Ляшенко М.В. Мотивация учебной деятельности: основные понятия и проблемы //Вестник ЮУрГУ. Серия: Образование. Педагогические науки. – 2019. – Т.11. – №1. – С.53-73.
- [8] Гордеева Т.О., Сычев О.А., Лункина М.В. Школьное благополучие младших школьников: мотивационные и образовательные предикторы // Психологическая наука и образование. – 2019. – Том 24. – №3. – С.32-42. DOI: 10.17759/pse.2019240303 (өтінім берілген күні: 3.02.2022).
- [9] Kelly L., Mingming Zh. (2018) Relationship between grit and academic achievement: A systematic review Hong Kong International Conference on Education, Psychology and Society. Motiv. Sci. 4 158-176. DOI: 10.13140/RG.2.2.36583.19362 (otinim berilgen kuni: 15.02.2022)
- [10] Tikhomirova L.F. Osobnosti motivatsii uchebnoy deyatel'nosti u mladshikh shkol'nikov s narusheniyem intellekta. Yaroslavskiy pedagogicheskiy vestnik. – 2017. – №1. – S 154-161.
- [11] Rogova E.E., Gadaborsheva Z.I. Osobnosti motivatsii ucheniya v mladshem shkol'nom vozraste. Uchenyye zapiski universiteta imeni P.F. Lesgafta. – 2019. – №6 (172). <https://cyberleninka.ru/article/n/osobnosti-motivatsii-ucheniya-v-mladshem-shkolnom-vozraste/viewer> (otinim berilgen kuni: 15.02.2022)
- [12] Steinmayr R., Weidinger A.F., Schwinger M., Spinath B. The Importance of Students' Motivation for Their Academic Achievement – Replicating and Extending Previous Findings. Frontiers in Psychology. Published online 2019 Jul 31. DOI: 10.3389/fpsyg.2019.01730 (otinim berilgen kuni: 07.01.2022).
- [13] Souders, B. (2020). Motivation in Education: What it Takes to Motivate Our Kids. PositivePsychology. Retrieved from: <https://positivepsychology.com/motivation-education/> (otinim berilgen kuni:12.01.2022).
- [14] Schneider R, Lotz C., Sparfeldt J.R. (2018) Smart, confident, interested: Contributions of intelligence, self-concept, and interest to elementary school achievement. Learning and Individual Differences. Volume 62, February 2018, Pages 23-35. <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2018.01.003>
- [15] Bozhovich E.D., Vayzer G.A., Buga A.S. Lichnostnyye faktory razvitiya pozitsii sub»yekta ucheniya /M., SPb.: Nestor-Istoriya, – 2020. – 368 s.
- [16] Tsoy L.V., Kulagina I.YU. Sootnosheniye vneshney motivatsii i sub»yektnoy pozitsii v uchebnoy deyatel'nosti mladshikh shkol'nikov. Psikhologo-pedagogicheskiye issledovaniya, – 2022. – Tom 14. – №1. – S. 3-16
- [17] Luskanova N.G. Metody issledovaniya detey s trudnostyami v obuchenii: uchebno-metodicheskoye posobiye. Izdatel'stvo: Folium, –1999 g. – S. 32.
- [18] Prokopchuk V., Revenko I., Demchenko Y., Blaga O., Tarasova V. «Increasing Motivation of Primary School Pupils' Studying». Journal for Educators, Teachers and Trainers, Vol. 11 (1). DOI: 10.47750/jett.11.01.2020. <https://hdl.handle.net/11300/14387> pp.19-29. (otinim berilgen kuni: 26.02.2022).
- [19] Amrit Kumar Jha. Understanding Generation Alpha (June 2020) M. College, Lalit Narayan Mithila University, Darbhanga, Bihar, India. DOI: 10.31219/osf.io/d2e8g

Reference:

- [1] Matyukhina M.V. Formirovaniye motivatsii ucheniya: Kn. dlya uchitelya. – M.: Prosveshcheniye, –1990. – S.192.
- [2] El'konin D.B., Davydov V.V. Voprosy psikhologii uchebnoy deyatel'nosti mladshikh shkol'nikov. M.: Izdatel'stvo Akademii pedagogicheskikh nauk RSFSR, –1962. – S. 287.
- [3] Leont'yev A.N.. Motivny. Dobavleno Psychology OnLineNet. 24.03.2005 (Pravka 28.04.2006) [Elektronnyy resurs]: URL: <https://www.psychology-online.net/articles/doc-307.html> (otinim berilgen kuni: 21.01.2022).
- [4] Nurgaliyeva M.K., Bulatbayeva A.A., Yesenova K.A., Ramazanova S.A. Osobnosti motivatsii uchebnoy

deyatelnosti podrostkov/Psikholog. – 2022. – №2. – С.1-7. URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=37623

[5] Akijanova M.M. Oqw motivteriniñ psixologiyalıq negizi. Vestnik KASW №1, –2005. –126 b. [Élektronnyy reswrs]: URL: <https://www.vestnik-kafu.info/journal/1/26/> (otnim berilgen kuni: 03.02.2022).

[6] Dzhugal P., Ospanova M.B. Izucheniye urovnya motivatsii inostrannykh studentov pri obuchenii v Kazakhstane. Zhurnal «Pedagogika i psikhologiya». – 2020. – №4. – S.38-43. [Élektronnyy reswrs]: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/119> (otnim berilgen kuni: 8.09.2022)

[7] Lyashenko M.V. Motivatsiya uchebnoy deyatelnosti: osnovnyye ponyatiya i problemy //Vestnik YUUrGU. Seriya: Obrazovaniye. Pedagogicheskiye nauki. – 2019. – T.11. – №1. – S.53-73

[8] Gordeyeva T.O., Sychev O.A., Lunkina M.V. Shkol'noye blagopoluchiye mladshikh shkol'nikov: motivatsionnyye i obrazovatel'nyye prediktory //Psikhologicheskaya nauka i obrazovaniye. – 2019. – Том 24. – №3. – С.32-42. doi:10.17759/pse.2019240303 (otnim berilgen kuni: 3.02.2022).

[9] Kelly L., Mingming Zh.. (2018) Relationship between grit and academic achievement: A systematic review Hong Kong International Conference on Education, Psychology and Society. Motiv. Sci. 4 158-176. DOI: 10.13140/RG.2.2.36583.19362 (otnim berilgen kuni: 15.02.2022).

[10] Tikhomirova L.F. Osobennosti motivatsii uchebnoy deyatelnosti u mladshikh shkol'nikov s narusheniyem intellekta. Yaroslavskiy pedagogicheskiy vestnik. -2017 – № 1. – S 154-161.

[11] Rogova E.E., Gadaborsheva Z.I. Osobennosti motivatsii ucheniya v mladshem shkol'nom vozraste. Uchenyye zapiski universiteta imeni P.F. Lesgafta. – 2019. – №6 (172). <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-motivatsii-ucheniya-v-mladshem-shkolnom-vozraste/viewer> ((otnim berilgen kuni: 15.02.2022)

[12] Steinmayr R., Weidinger A.F., Schwinger M, Spinath B. The Importance of Students' Motivation for Their Academic Achievement – Replicating and Extending Previous Findings. Frontiers in Psychology. Published online 2019 Jul 31. doi: 10.3389/fpsyg.2019.01730

[13] Souders, B. (2020). Motivation in Education: What it Takes to Motivate Our Kids. Positive Psychology. Retrieved from: <https://positivepsychology.com/motivation-education/>(otnim berilgen kuni:12.01.2022).

[14] Schneider R, Lotz C., Sparfeldt J.R. (2018) Smart, confident, interested: Contributions of intelligence, self-concept, and interest to elementary school achievement. Learning and Individual Differences. Volume 62, February 2018, Pages 23-35. <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2018.01.003>

[15] Bozhovich E.D., Vayzer G.A., Buga A.S. Lichnostnyye faktory razvitiya pozitsii sub'yekta ucheniya / M.-SPb.: Nestor-Istoriya, 2020. -368 s.

[16] Tsoy L.V., Kulagina I.YU. Sootnosheniye vneshney motivatsii i sub'yektnoy pozitsii v uchebnoy deyatelnosti mladshikh shkol'nikov. Psikhologo-pedagogicheskiye issledovaniya. – 2022. – Том 14. – №1. – S.3-16

[17] Luskanova N.G. Metody issledovaniya detey s trudnostyami v obuchenii: uchebno-metodicheskoye posobiye. Izdatel'stvo: Folium, –1999 g. – S.32.

[18] Prokopchuk V., I.Revenko I., Demchenko Y., Blaga O., Tarasova V. «Increasing Motivation of Primary School Pupils' Studying». Journal for Educators, Teachers and Trainers, Vol. 11 (1). DOI: 10.47750/jett.11.01.2020. <https://hdl.handle.net/11300/14387> pp.19-29. (otnim berilgen kuni: 26.02.2022).

[19] Amrit Kumar Jha. Understanding Generation Alpha (June 2020) M. College, Lalit Narayan Mithila University, Darbhanga, Bihar, India. DOI: 10.31219/osf.io/d2e8g

Изучение уровня учебной мотивации младших школьников

Р.Ж. Базарбекова

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос определения уровня мотивации младших школьников к обучению в школе. Объясняется понятие мотивации и приводятся мнения и взгляды ученых, изучавших

учебную мотивацию учащихся начальных классов. Для учащихся начальных классов мотивация является наиболее эффективным способом совершенствования учебного процесса. В статье отмечается, что в школьной практике учитель может использовать ряд методов изучения мотивации учащихся: прямые и косвенные вопросы о мотивах обучения, смысле, целях, личные беседы с учащимися, проводить анкеты, помогающие быстро собрать материал об отношении учащихся к обучению. На основе методики Н.Г. Лускановой «Оценка уровня школьной мотивации» получена анкета и проанализированы результаты. На основании выявленных данных было выделено несколько аспектов формирования учебной мотивации младших школьников.

Ключевые слова: учебная мотивация; ученик; анкета; средний показатель; аспект.

Examining the level of educational motivation of younger students

R.J. Bazarbekova

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

This article discusses the issue of determining the level of motivation of younger students to study at school. The concept of motivation is explained and the opinions and views of scientists who have studied the educational motivation of primary school students are given. Motivation for students is the most effective way to improve the learning process. It is noted in the article that in school practice the teacher can use a number of methods of studying the motivation of students: direct and indirect questions about the motives of training, meaning, purpose, personal conversations with students, conduct questionnaires that help to quickly collect material about the attitude of students to learning. Based on the methodology of N.G. Lukyanova «Assessment of the level of school motivation», a questionnaire was received and the results were analyzed. On the basis of the revealed data, several aspects of the formation of educational motivation of younger schoolchildren were identified.

Keywords: academic motivation; student; questionnaire; middle indicator; aspect.

Редакцияға 27.02.2022 қабылданды